

Инвестиция әліппесі

немесе инвестиция тәуекелін азайту тәсілдері туралы



Ақшаға ақша қосып, бақуаттылыққа қол жеткізуден кім қаша қойсын, дегенмен бұған жетуге кедергісін келтіретін біраз жайлар бар. Оның ең бастысы – адамдардың тәуекелге барудан бас тартуы. Шындығында, кез-келген инвестиция адамнан міндетті түрде белгілі бір мөлшерде тәуекелге баруды талап етеді. Ал тәуекелсіз инвестиция деген бұл тек алаяқтардың өзгелерді алдап, ақшаларын алдап алу үшін жасаған ойдан шығарылған ертегісі ғана.



100 пайыз кепілдікті кім береді?

Халық арасында «уайым түбі - теңіз, түсерсің де кетерсің, тәуекел түбі - қайық, мінерсің де өтерсің» деген нақыл сөз бар. Егер айналаңызға ақылменен ой жүгіртеп қарайтын болсаңыз, тәуекелсіз өмірдің мүлдем жоқтығын бағамдар едіңіз. Кез-келген тіршілік иесі бар өмірін үнемі тәуекелдің үстінде өткізеді.

Мәселен, сіз өзіңізді бес минуттан кейін не күтіп тұрғанын білмейсіз. Мынадай бір жағдай болды. Бір танысымның ағасы көктемде көшемен жүріп келе жатқанда басына үй шатырында салбырап ілініп тұрған мұз құлап түсіп, содан мерт болды. Үлкен мұз биіктен құлап дәл басынан соққанда ол тіл тартпай бірден қайтыс болған. Ал тағы бір танысымның қызы көшенің ақ жолақты жолаушыларға арналған жерінен өтіп бара жатқанында есерсоқтау біреу қымбат көлігімен жүйткітіп келіп соғып, содан табан астында қаза тапты. Міне, бұндай мысалдарды жүздеп, мыңдап келтіруге болады.

Осыдан не түйеміз? Сіз банкке салған депозитіңіздің ертеңгі күні не болары түгілі, өзіңізді бес минуттан кейін не күтіп тұрғанын да біле алмайсыз және сізге ешкім де ереңгі күнді аман-есен көретініңізге 100 пайызбен кепілдік бере алмайды. Сонда тәуекелсіз инвестиция болады деп соған сенетіндердің сүйенгендері не? Бұның астарында адамдарды алдауға негізделген АЛАЯҚТЫҚ пен жұртшылықтың сондайларға сеніп, 100 пайыз кепілдік талап ететін НАДАНДЫҒЫ тұр.

100 пайыз кепілдікті сізге ешкім де, МЕМЛЕКЕТ те, ҮКІМЕТ те, БАНК те, басқа құрылымдар да бере алмайды. Осыған орай, егер сіз ақшадан ақша жасап, бақуатты боламын десеңіз мынаны есте мықтап ұстағаныңыз жөн: 100 ПАЙЫЗ КЕПІЛДІК деген болмайды; кез-келген ақша салу, яғни инвестиция тәуекелді талап етеді; бірақ та, нәтижеге жету – тәуекелдің аз-көптігіне байланысты болмақ.

Инвестиция тәуекелдің ісі

Инвестор болып, ақшадан ақша жасау өнерін меңгеремін десеңіз, ең алдымен, тәуекелді таразылап, неғұрлым тәуекел деңгейін азайту ғылымын меңгеруіңіз қажет. Байлығы жөнінен әлемдегі ең алдыңғы үштікке ілінген инвестор Уоррен Баффеттен журналист: «сіздің өз

ақшаңызды жыл сайын 20 пайыз өсіру құпияңыз неде?» деп сұрағанда ол: «мен ақша салатын объектіні алдын ала оқып, зерттеп, тексеріп аламын және сенімді екендігіне көзім жеткенде ғана ақша саламын» деп жауап береді.

Инвестицияда жетістікке жетудің ең қарапайым және ең сенімді тәсілі – осы. Яғни, ақша салатын объектіні алдын ала зерттеп, сенімділігіне барынша көз жеткізіп алып барып, ақшаңызды салуыңыз қажет. Бірақ бұл тәуекелсіз инвестиция деген сөз емес. Сіз қанша зерттеп, зерделегеніңізбен, онда тәуекел деңгейі бәрібір сақталып қалады.

Ақылды, білікті инвестордың білімсіз, наданнан айырмасы мынада: ол инвестициялық тәуекел деңгейін барынша азайтуға күш салады. Ол үшін ақшасын неғұрлым тәуекелі аз, табыс түсіру мүмкіндігі жоғары нысандарға салады және қажетті сақтық шараларын барынша алдын ала қарастырып қояды.

Ол тәсіл бәлкім ақшаңызды аз-аздап салып, өсім дегейін көбейтіп, содан кейін салған ақшаңызды шығарып алып, тек өсімі арқылы өсім алып отыру бола ма, немесе қаржыңызды бір «себетте» емес, әртүрлі қаржы көздеріне салу арқылы тәуекелді азайтуға негізделме, оны әр инвестор өзі қарастырады.

Тәуекелді азайтудың тәсілі

Инвестицияда бас айналдырарлық биік нәтижеге жеткен миллиардер Уоррен Баффеттің тәжірибесіне назар аударып көрелік. Ол ақша салатын әрбір объекті туралы барынша алдын ала мол мәлімет алуға тырысады екен. Өлгі компания туралы қажетті барлық деректерді қарастырып, соларды ақыл таразысына сала отырып, сенімділігіне көзі жеткен кезде ғана ақша салады.

Тәуекелді азайтудың осы тәсіліне жете назар аударып көрелік. Ең алдымен, назар аударатын жай: сіз ақша салғалы отырған компания қанша уақыттан бері жұмыс істеп келеді, осы мәселеге назар аудару қажет. Өлбетте жұртшылықты алдап, алтыннан тау тұрғызамыз деп жалған уәдеге тойдыратын алаяқ компаниялар нарықта көп жұмыс істей алмайды. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» демей ме. Өу баста адамдарды алдап, алаяқтықпен ақша табуға негізделген компаниялардың ғұмыры ұзақ болмайды. Ал керісінше, байыпты

инвестициялық компаниялар нарық талабына төтеп беріп, ұзақ жылдар ырғақты жұмыс жасайды.

Екінші назар аударатын жай: компанияның табыс көлемі және қаржы жағдайы. Қаржы айналымы көлемі жоғары және инвесторларға жоғары деңгейде өсім беретін компания – бұл өз жұмысын дұрыс жолға қойған байыпты компания. Ондайларға сенуге болады.

Үшінші назар аударатын нәрсе: компанияның орналасқан орны, жұмыс істеп жатқан ортасы, қандай заңмен, қалай жұмыс жасайтындығы.



Төртінші көңіл бөлетін жай: компанияның ұсынған шарты, онда белгілі бір кепілдіктер қарастырылған ба және инвестормен мөр басылған шынайы шарт жасала ма, оыған назар аударған жөн.

Бесінші ден қоятын жай: компанияны басқарып, жұмысын жүргізіп отырған мамандары, ұстанған жұмыс тәсілдері туралы деректердің болуы, яғни кері байланыс қаншалықты жолға қойылған, егер сіз түсінбестік жайларыңыз туралы сұрай қалсаңыз, қанша уақытта, қалай жауап аласыз, осы жайға да жете назар аударған дұрыс болады.

Алтыншы назар аударатын жай: компания ұсынған шарттары қаншалықты қолжетімді, мәселен салатын инвестиция деңгейі, алатын өсім пайыздарының мөлшері, ақшаны шығарып алу тәсілдері, т.б.

Жетінші көңіл бөлетін мәселе: адамдардың сол компания немесе жоба туралы пікірлері қандай? Ол туралы интернеттен ақпараттарды көптеп таба аласыз. Міне, негізгі деген осы жайларды толық анықтап алсаңыз, онда ақшаңызды әлгі компанияға сеніп салуға бола ма, жоқ па деген сауалдың жауабын табатын боласыз. Бұл арада тағы да мына жайды естен шығаруға болмайды: ешқандай да компания ешбір адамға 100 пайыздық кепілдік бере алмайды және кез-келген инвестиция – бұл белгілі бір деңгейде тәуекелдің ісі. Инвестиция арқылы табыс табуға ниеттендіңіз екен, онда осы АҚИҚАТТЫ ешқашан есіңізден шығармауыңыз шарт.

Инвестиция салу қажет пе?

Ақшаңыздан айрылып қалу қаупі барын біле тұра инвестиция салу қаншалықты қажетті іс? Бұндай тәуекелге барғанша жалақымен жан бағып, ел қатарлы тіршілік еткен дұрыс емес пе? Халық арасында шешуі қиын күрделі мәселелерге орай айтылатын «былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі» деген сөз бар. Бұндай жағдай өкінішке орай, өмірде әредік кездесіп тұрады және оны міндетті түрде шешу қажет болады. Сондайда, арбаны сындырмай, өгізді өлтірмей, яғни шиеленіскен мәселені амалын тауып оңтайлы шешу – бұл инвестор боламын деген әрбір адамның бойында болуы тиіс басты қасиет саналады. Егер мұндай қасиет бойыңызда болмаса, онда инвестициямен айналысу, сіз үшін ақшаңыздан айрылудың ең төте жолы болып қалары даусыз.

Рас, инвестиция салмай-ақ, жалақымен жан бағып жүре беруге болады. Дегенмен, қазіргі деңгейдегі жалақымен сіз аштан өлмесеңіз де, еңсеңізді тік ұстап, адам сияқты өмір сүре алмайтыныңыз анық. Қазіргі жалақымен өмір сүремін дейтін адамдардың тірлігін шығыс елдерінде ең ақылсыз, топас жануар саналатын есекті алдау үшін қолданылатын амалмен салыстыруға болар еді.

Есек үстіне жүк артып, алыс сапарға шыққанда жалқаулыққа салынып, аяғын әзер ілбіп басады. Оны үнемі таяқпен ұрып отыру қажет болады. Оның өзінде таяқ жанына батқанда сәл-пәл аяғын жылдам басқанымен, сәлден соң қайта бұрынғы тасбақа аяғына түседі. Осылайша, барар жеріне барғанша адам есектен бетер шаршап, азапқа түспек. Осыдан құтылып, есекті жылдам жүруге мәжбүрлейтін

амал бар, ол үшін қожайын есектің басына салынған ноқтаға сым байлап, оған бір уыс шөпті қыстырып қояды. Есек әлгі шөпті жегісі келіп алға ұмтылады, бірақ, ноқтаға қыстырылған шөп есек алға жылжығанда ол да алға жылжиды. Осылайша, ақымақ есек шөпке жетемін деп барар жеріне дейін желіп отырады. Барған соң қожайын әлгі бір уыс шөпті есекке береді, ол ауыз толтырып асауға да жарамайтын бір уыс шөпті қылғытып алады. Осыдан кейін қайтар жолда қожайын тағы да есектің ноқтасына бір уыс шөп қыстырады. Осылайша, ауыз толтырып асауға жарамайтын бір уыс шөпке жетемін деген есек байғұс ақ тер, көк тер болып шапқылайды да жүреді. Жалақымен күн кешетін адам да сол сияқты ауыз жарығысыз жалақы үшін ақ тер, көк тер болып зейнеткерлікке шыққанша аласұрып жұмыс істейді. Содан кейін қартайып, жұмысқа жарамсыз болып қалған қарияға азын-аулақ зейнетақы беріп, алдап-сулап шығарып салады. Сөйтіп, ол адам өле-өлгенше тойып тамақ ішпей, жарқырап киіне алмай кедейшілікпен күн кешеді.


Бұндай жоқшылықтан құтылып, қаржылық бостандыққа қол жеткізгіңіз келсе, онда ақшадан ақша жасау өнерін, яғни инвестицияны үйреніп, меңгеруіңіз қажет болады.

Жылына 20-25 пайыз өсім әкелетін компания

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Уорен Баффет сияқты кедейден шығып байлыққа қол жеткізген инвесторлардың өмірлік тәжірибесінен алынған тәуекелді неғұрлым азайтып, табыс табу мүмкіндігін барынша көтеретін амал-тәсілдерді меңгеру және соны өмірде қолдану арқылы ғана сәтті инвестиция жасауға болады. Енді мен сіздің назарыңызға жылына валютамен 20-25 пайыз өсім әкелетін тәуекелі неғұрлым аз және табыс түсіру мүмкіндігі жоғары инвестициялық компанияны ұсынамын. Ол – «Гермес менеджмент» деп аталатын Оңтүстік Американың Белизе мемелкетінде тіркелген, офісі Вена қаласында орналасқан инвестициялық компания. Компания 1998 жылы құрылып, содан бері нарықта табысты жұмыс істеп келеді. Ол 2008-2010 жылдардағы және одан кейінгі 2013-2015 жылдардағы әлемді жайлаған қаржы-экономикалық дағдарыстардан сүрінбей өткен және жыл сайын өсім деңгейін тұрақты сақтап келе жатқан компания.

«Гермес менеджмент» Ұлыбританияның заңымен жұмыс істейді, ал ол заң клиенттерінің мүддесін қорғайтын жүз жылдан бері бір әріпі өзгермеген ең консервативті заң болып саналады. Енді бұл компания қаншалықты сенімді, жоғарыда айтып кеткен инвесторлардың тәжірибесінде қолданылып жүрген тәсілдер өлшемі бойынша талдап көрелік.


Биылғы жылдың басынан бергі көрсеткіштерге назар аударыңыз. Бұл 2018 жылдың қараша айына дейінгі мәлімет. Схемадан көріп отырғандарыңыздай, жыл бойына ай сайын 1-2 пайыз деңгейінде өсім түсіріп отырған. Қазіргі деңгейі 21,88, Әлі жылдың тағы бір айы бар екендігін ескерсек, жыл соңына дейін көрсеткіш 22-23 пайызға жетері анық.



Енді 2017 жылдың өсіміне назар аударып қараңыз. Өсім пайызы 23,39 болған.



Ал 2016 жылдың өсімі – 23,44 пайызды құрайды. Осы соңғы үш жылдың көрсеткіштеріне назар сала отырып, компанияның тұрақты түрде жұмыс жасап келе жатқанын анық бағамдауға болады. Енді мынаған ақыл салып қараңыз: Қаржы нарығында 20 жыл бойы тұрақты өсім беріп жұмыс істеп келе жатқан компанияға сенуге бола ма, жоқ па? Оның жауабын ақыл-ой зердесіне салып, өзіңіз берерсіз.



Компания ақшаны қайдан алады және табыс көзі неде?

Қазақстанда қаржы нарығында жұмыс істейтін банктердің бәрін дерлік тұрақты өсіммен жұмыс жасайды деп айта алмайсың. Қарызға белшеден батып, банкротқа ұшырау қаупі төнген мықты деген талай банкті мемлекет бюджеттен миллиардтар бөліп, құтқарып жатады. Бұл – әбден әдетке айналып кеткен шаруа. Сондай-ақ, банкрот болып, басқа үлкендеу банктердің өңешіне жұтылып жататындар да жетерлік. Биылғы жылдың өзінде екі банк лицензиясынан айрылып, тақырға отырды. Ал оның салымшылары өсім пайызы түгілі, салған ақшаларын ала алмай қиындық тартуда. Бұның себебі неде деген мәселеге келсек, шет елдік жоғарыда айтып кеткен «Гермес менеджмент» сияқты қаржылық компаниялар ең алдымен дұрыс менеджменттік жұмыстар жүргізіп, тұрақты өсімге қол жеткізген.

Қазақстандық банктердің табыс көзі – негізінен халыққа және заңды тұлғаларға жоғары өсіммен берген кредиттен және ақша аударымдары, басқа да банк операцияларынан түсетін төлемдерден құралады. Ал шетелдік банктер мен қаржы институттарының табыс көздері – басқарушы компаниялардың түрлі жобаларға қатысу арқылы табатын табыстарына негізделген. Ол компаниялар ақша түсіретін ірі инвестициялық жобаларға қаржы салады және қор нарығына қатысып, құнды қағаздармен, қымбат металдармен сауда жасайды. Енді «Гермес менеджменттің» соңғы жылдардағы табыс көздеріне назар аударып көрейік.


2017



2017 жылы компания қаржысының 33 пайызын интернет бизнес стартаптарына, яғни жаңа жобаларына салған екен. 15 пайыз қаржыға европалық ірі компаниялардың акцияларын сатып алған, 10 пайыз ақшаларын америкалық компаниялардың құнды қағаздарына жұмсаған. 7 пайыз ақшаларына жылжымайтын мүліктер сатып алған. Осылайша, компанияның басқарушылары қолдағы қаржыны жоғары өсім әкелетін жобаларға орналастыру арқылы жыл бойына тұрақты және жоғары деңгейде табыс тапқан. Міне, мықты менеджмент деген осы. Шет ел банктерінен 3-4 пайызбен кредит алып, халыққа 20-30 пайыз өсіммен несие беріп, сол өсім пайызымен күн көретін отандық банктердің әлжуаз менеджменті ешқандай тұрақтылық пен жоғары табысқа жеткізбейтінін уақыт көрсетіп отыр. Бірақ, мұрнының астындағыдан әріні көрмейтін отандық компаниялар құлашты кеңге сермейтін шет елдік алпауыттардың ақша табу тәсілін қолдануға білімдері де, біліктіліктері де жетпейді.

Енді 2014 жылғы компанияның ақшаларын қайда салғандығына назар аударып көріңіз:

2014



Акции европейских компаний	21	Товарные рынки	14	Акции США	11
Недвижимость	12	Развивающиеся рынки	12	Резервный фонд ликвидности	5
Фьючерсы на энергоносители	25				

Компания қаржысының 25 пайызын энергиямен жабдықтауға салған. Бұл сала қашанда жоғары табыс түсіретін болашағы зор сала екендігі кім-кімге де белгілі. 21 пайыз қаржы еуропа елдерінің, 11 пайыз американдық компаниялардың құнды қағаздарын алуға жұмсалған. Тауар нарығына 14 пайыз, ал жылжымайтын мүлікке 12 пайыз ақша жұмсалған. Бәрінің де қайтарымының жоғары болғандығын, сол жылғы табыс көрсеткіші анық дәлелдейді.

Төмендегі схемадан көріп отырғандарыңыздай, 2014 жылғы компанияның клиенттеріне берген өсім пайызының деңгейі 22,70 пайыз болған. Бұл оншалықты жаман көрсеткіш емес. Яғни, компания қаржыны жоғары табыс түсіретін салаларға салып, жыл сайын тұрақты түрде жоғары деңгейде өсім алып отырған. 20 жыл бойы бұл тұрақтылық және жоғары көрсеткіш жалғасып келеді. Енді мынаған көңіл аударыңыз: осындай тұрақты жоғары табыс түсіріп келе жатқан инвестициялық компанияға ақша салу арқылы табыс табуға бола ма? Бұл сауалға зердесі бар әрбір адамның «иә» деп жауап берері анық. Әрине, ештеңеге сенбейтін, көлеңкесінен қорқатын, тәуекелге барудан қаймығатын адам жиған-тергенін жастығының астына тығуды қауіпсіз және дұрыс санайтыны белгілі.



Виста депозитінен қанша ақша табуға болады?

«Гермес менеджмент» компаниясы ұсынып отырған Виста есепшоты деп аталатын бұл жобаның өзгешелігі мынада: ол 3 түрлі қызмет атқарады. Ең алдымен, оны кәдімгі ақшаны қабылдап, аударатын есеп-шот ретінде пайдалануға болады. Виста есепшотын ашқаннан кейін сізге берілген есепшот нөміріне ақша аударуға немесе есепшоттан басқа есепшотқа ақша аударуға болады. 2-ші қызметі – жинақтаушылық қызмет. Иә, есепшотқа ай сайын белгілі сомада ақша салып, жинақтауыңызға болады. 3-ші қызмет өсім, яғни депозиттік қызмет. Сіздің есепшотқа ақша салып, жинаған қаржыңыз жәй жатпай жылына 20-25 пайыз валютамен өсім беріп тұрады.

Виста депозитіне салған ақшаңызды тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн бойына кез-келген сәтте шығарып алуыңызға мүмкіндігіңіз бар. Виста депозитінің мүмкіндіктері бұнымен шектелмейді, егер сіз оны оңтайлы пайдалана білсеңіз, депозит сізге жылына 25 емес, 45-50 пайыз өсім береді. Енді сол мүмкіндіктерге жеке-жеке тоқталып көрелік.

Егер сіз жыл сайын **Виста депозитіне салған ақшаңыздың өсіміне шетелге барып, демалып тұрғыңыз келсе, мынадай тәсілді пайдаланыңыз:**

Введите сумму, которую ежегодно хотите тратить на путешествия.

250 000,00

Для получения такого дохода необходимо положить на счет "Vista"

573 000,35

№ месяца	Сумма прибыли В руб.
1	16 931,27
2	17 556,88
3	18 205,61
4	18 878,30
5	19 575,86
6	20 299,18
7	21 049,24
8	21 827,01
9	22 633,52
10	23 469,82
11	24 337,03
12	25 236,29
Итого за год	250 000,00



Сіздің шет елге барып демалуыңызға 250 мың рубль қажет делік. Ол үшін депозитке 573 мың рубль саласыз, сонда 12 айдың ішінде сіз қажетті соманы, яғни 250 мың рубль өсім аласыз. Сол депозит өсімімен шетелге барып, жақсылап демалдыңыз. Ал сіз қайтып келгенде, депозитіңіз тағы да келесі демалысыңыз үшін жұмыс істей бастайды. Келесі жылы арада 12 ай өткенде сіздің есепшотыңызда тағы да 250 мың рубль өсім болады. Осылайша сіз жыл сайын депозит өсімі арқылы шетелде демалуға мүмкіндік аласыз.

**Виста есепшоты арқылы қалай автокөлік сатып алуға болады?
Енді осыған назар аударып көрейік.**

Сіз 2 миллион рубльге автокөлік сатып алғыңыз келді делік. Ол үшін Виста есепшотына 3079761 рубль саласыз. Есепшотқа сонша ақша салғаннан кейін сіз депозиттегі ақшаңызды кепілге қоя отырып, 2 миллион рубль көлемінде ломбард кредит алуыңызға болады. Сол ақшаға автокөлікті сатып аласыз. Ал есепшотта 3079761 рубль болып тұра береді және ол сізге 3 жылдың ішінде алған кредитті жабатын, яғни 2 миллион рубль кіріс әкеледі. Содан кейін ескі көлікті сатып, тағы да 2 миллион ломбард кредит алып ескі көліктің ақшасын қосып одан да қымбат автокөлік алуға болады. Осылайша сіз әрбір үш жыл сайын көлігіңізді есепшот әкелген өсім арқылы жаңартып отырасыз.

Покупка автомобиля с помощью счета "Vista".

Хотели бы вы каждые три года покупать новый автомобиль не вкладывая свои деньги? Это просто. Допустим, вы хотите купить автомобиль за 1 млн. руб., а в будущем менять его каждые три года на более дорогой и новый. Наша программа позволит Вам это сделать!

Введите стоимость автомобиля, который хотите купить руб.

2 000 000,00

Заводим на счёт руб.

3 079 761,62

Если положить на счет "Vista" 3 079 762 руб. то можно забрать в виде кредита 2 000 000 руб. и купить на эти деньги автомобиль. Через три года счет заработает 1 391 611 руб.

Продаем старый автомобиль, добавляем 1 391 611 руб. и покупаем новый, более дорогой.

А деньги (3 079 762 руб.), на счете продолжают работать. И так делаем каждые 3 года.

Жылына 45-50 пайыз өсімді қалай алуға болады?

Виста есепшотының ұсынатын жеңілдіктерінің қатарында 49 жылға жылдық өсімі 7 пайызбен берілетін ломбард-кредитті ерекше атап өтуге болады. Оны алу үшін сіз депозиттегі ақшаңызды кепілге қоя отырып, сол салған ақшаңыздың 70 пайызы көлемінде кредит ала аласыз.

Мысалы, сіз 3800 евро салып, депозит аштыңыз делік. Осы арада айта кетелік, депозитті ашудың ең төменгі мөлшері 1000 евро. Ол үшін сіз 1100 евро салуыңыз қажет болады. Өйткені, 100 евро бір реттік есепшотты ашқаныңыз үшін төлейтін комиссия ретінде ұсталады. 1000 евро есепшотыңызда қалып, жұмыс істейді.

Сіз 3800 евро салып, есепшотыңызды аштыңыз. Осыдан кейін 100 евро автоматты түрде комиссия ретінде ұсталады да, есебіңізде 3700 евро қалады. 10000 евролық ең төменгі пакеттен 700 евро, яғни 7 пайызы – ажио деп аталатын бір реттік салық түрінде ұсталуы тиіс. Дегенмен, сіз оны бірден төлеуіңізге де, немесе оны займ ретінде өзіңізде қалдыруыңызға да болады. Егер сіз салымыңызды кепілге қоя отырып, ломбард-кредит алғыңыз келсе, онда ажионы төлеуіңіз қажет. Осылайша оны төлеген соң сізде 3000 евро қалады. Енді сіз осы жобаға шақырған спонсорыңыздан көмек сұрай отырып, қарызға 7000 евро аласыз. Сөйтіп, есепшотыңызда 10000 евро болады. Осыдан кейін сол ақшаны кепілге қоя отырып, банктен 49 жылға жылына 7

пайыздық өсіммен ломбард-кредит аласыз. Ол сіздің кепілге қойған ақшаңыздың 70 пайыз сомасында беріледі. Сіздің жағдайыңызда ол 7000 евро болмақ. Сол ақша есепшотыңызға түсісімен, спонсордан алған қарызыңызды, яғни 7000 евроны өзіне қайтарып бересіз. Бұл операциялардың бәрі небары бірнеше минутта жасалады.

Осылайша сіздің есепшотыңызда 10000 евро болады, оның 7000-ы банктен алған займ. 10000 евро сізге жылына 20-25 пайыз көлемінде табыс түспеді. Бірақ, банктен алған 7000 евро займ бойынша түскен табыстың 7 пайызын банкке төлеп тұрасыз, өзіңізде 13-15 пайыз қалады. Ал өзіңіздің салған 3000 евро сізге жылына 20-25 пайыз түсім әкеледі. Енді есептеп көріңіз, сіз салған 3800 евро сізге айына орта есеппен 100 евро, жылына 1200 евро таза пайда түсіріп тұрады. Пайызға шаққанда оның өсімі 50 пайыздан асып жығылады. Осы тәсілді пайдаланып, жоғары пайызбен табыс тауып жүрген жандар аз емес, сіз де солардың қатарында жақсы табыс табуыңызға толық мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін Виста депозитін ашыңыз.

Депозитті қалай ашуға, қалай тіркелуге болады – оны мына сілтеме арқылы видеодан көруіңізге болады.

<https://youtu.be/7ODYKEWL3e8>

Депозитке мына сілтеме арқылы тіркеле аласыз:

<http://lifeisgood.company/77017662/vst>